
In article problems of perfection of the state control in Republic Kazakhstan are considered. Offered measures of modernisation of institute of the state control will serve increase of efficiency of the government in Republic Kazakhstan

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылауды жетілдіру мәселелері қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігі көтеруде мемлекеттік бақылаудың институтының модернизация шаралары ұсынылады.

Н.Б. Тәуекелов

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ БИЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық билігінің табиғаты өзінің бастауларын протоқазақ қоғамынан алып, қазақ хандығына дейінгі аралықта үлкен даму сатысынан өтеді. Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан халық билігінің нысандары Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің саяси билік жүйесінің институттарының тәжірибесін бойына сіңірген халық билігінің классикалық үлгісі болып табылады. Халық билігінің нысандары қазақ хандығына дейін талай даму тәжірибесінен өткен, шындалған және уақыт тезіне төтеп берген жүйенің көрінісін білдіреді.

Ал енді «халық билігі» туралы айтатын болсақ, ең алдымен халық билігі ұғымының өзіне тоқталайық. Жалпы билік сөзі өте көп және әр түрлі мазмұнда қолданылады. Мысалы, философтар – қоғамының объективті заңдарына билік туралы, әлеуметтанушылар – әлеуметтік билік туралы, экономистер – шаруашылық билік туралы, саясаттанушылар – саяси билік туралы, психологтар – адамдардың өз-өзіне билігі туралы, ата-ана – отбасылық билік туралы, діндарлар – құдайдың билігі туралы, ал заңгерлер – мемлекеттік билік туралы, т.б айтады [1]. «Билік ұғымының қазақи санада бірнеше астары болды. Билік ұғымы кең мағынада қамқорлық пен (үлкеннің, әлдінің), парасаттылықпен, көрегенділікпен, әділдікпен байланыстырылатын, бағыт-бағдар беру, жол көрсету ретінде түсіндірілді. Зорлық пен күш көрсетіп, қиянатпен өктемдік жасау - билікке жат құбылыс деп саналды. Екіншіден, билік ұғымы билік айту, билік құру мағынасында қолданылды, яғни биліктің бұл мағынасы ақыл беру, кеңес беру, бірлесіп ортақ шешімге келу жағдайларын қамтитын. Сонымен бірге бұл мағына сот жағдайларын қамтитын. Сонымен бірге, бұл мағына сот билігінің (қызметінің) дербестену, даралану, болмысының көрінісі еді. Мемлекеттік биліктің бұл саласының өз алдына жеке өмірін бейнелейтін. Үшіншіден, ол билік орнату, мағынасында қолданылды. Бұлай ел басқару мүмкіндігіне ие болуы халыққа басшылық жасау, ел басқару жағдайларына сай келеді. Төртіншіден, биліктің (билеу), (билеп-төстеу), (билеп-жаншу) мағынасы болды. Бұл оның жағымсыз (көлеңкелі) қатпары болатын. Күш (зорлық-зомбылық) көрсету, өктемдік білдіру оқиғалары осы аталған мағыналарға сай болатын. Қазақи сана биліктің кең (бірінші) мағынасына жоғары баға берді» [2].

Ал енді мемлекеттік биліктің салалары болып табылатын халық билігі туралы айтатын болсақ, халық билігі деп нені түсінеміз, алдымен осы сұраққа жауап іздеп көрейік. Негізі халық билігі ұғымы хан билігі, сот билігі, әскери билік ұғымдарымен қатар мемлекеттік билік түсінігін құрайды.

Халық билігі дегенде «демократия» ұғымы еске түседі. Әдетте демократия деп тарихқа үнілгенде ең алдымен Афина Республикасындағы демократия еске түседі. Мысалы, Геродот ұсынған антикалық демократияның келесідей белгілері болған. Біріншіден, адамдар қызметке жеребе тастау арқылы орналастырылды. Екіншіден, бүкіл халық заңға бағынды. Үшіншіден, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдары жалпы халықтық жиналыста шешілді. Бүкіл халық, яғни мемлекеттегі барлық адамдар сайлау құқығын иеленді. Сөйтіп Афинада өмірге келген полистік демократия 300 жылға созылды. Шамамен осы кездері Римде де алғашқы рет билік бөлінісі басталды. Саяси қақтығыстарды реттеу үшін жаңа құрылым - халық мінбері құрылды. Осыдан бастап елдерде саяси қақтығыстарды шешетін арнаулы органдар пайда болып, оған заңды сипат берілді. Римнің саяси жүйесінде ең алғаш болып басқарудың аралас түрі енгізілді. Мысалы, патшаның билігі - консулдық билік болса, сенат - аристократиялық, ал халық мінбері - халық билігі болды. Кейінірек АҚШ-та да билік осы үлгіде бөлінді. Мысалы, президенттік - Римдік патшалық билік, Сенат - аристократия, Өкілдер палатасы - халық мінбері дегендей. Тағы бір ұқсастық тарихи дәстүрдің қайталануы. Яғни Ақш-та Жоғарғы Сот заңдар мен Конституцияны талдау органы болса, ал Римде - бұл міндетті цензорлық институт атқарды. Басқаша айтқанда, жаңадан қабылданған заңдар бұрынғы қабылданған заңдармен салыстырылып, сәйкестендіріліп отырады. Демек, антикалық демократияның жаңа дәуірдегі демократиядан айырмашылығы: мұнда мемлекет орнына саяси жүйе болды, жеке адам мен полис бөлінбейді, жеке адам бостандығының кейбір автономиялық сипаты болды, олар құқықтармен қорғалды. Жаңа дәуірдегі классикалық демократияда антикалық демократияның жалпыға бірдей сайлауға қатысу, саяси мәселені шешу құқығы пайдаланылды.

Қазақ даласында да демократияның өзіндік ерекшеліктері болған.

Халық билігі ең алдымен құқықтық принциптерден көрініс тапқан. Ол, мысалы, Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» [3] – деген өсиеті, Майқы бидің:

«Хан - халықтың қазығы,

Қараша - ханның азығы.

Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын,

Өлім жазасын халық өзі шешетін болсын», - деген өсиет сөздері кейінгі ұрпаққа үлгі, дауды шешуде билерге прецеденттік маңызы бар түйін ролін атқарды.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында көшпенділерді басқару қиын болғандықтан хандардың билігі отырықшы-жер өңдеуші елдердегідей күшті болған жоқ. Рулар мен тайпалар басқарушы (хан) тарапынан қысым көрсе немесе үнемі келіспеушілікте болса, кез келген уақытта басқа жерге көшіп кете алған. Мысалы, Қазақ Хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек басқарған тайпалар мен рулар осылай істеген еді ғой. Қазақтарда саяси құқықтардың болғандығын және оның дәстүрлі қоғамда өзіндік орын алғанын, мысалы хандарды сайлау институтынан, немесе дәлірек айтсақ, халық мойындаған Төрелер мен Шыңғыс ұрпақтарының (чингизидтер) билігін заңдастырудан көруге болады. Хандық билік көбінесе сайланбалы болған. Қазақ Ордасындағы хан сайлау дәстүрі туралы М. Мағауин: «... Қазақ дәстүрінде әрбір жаңа хан өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен, яғни ханның ұлы емес, халықтың ұлы ретінде танылған ел - ағаларының бірі көпшіліктің қалауы бойынша хан сайланған. Қазақ Ордасының мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы орыс дипломаттары мен оқымыстылары бірден байқапты» [3], - дей келе, XVIII ғасырда Ресей мен Қазақстан арасында елшілікте жүрген атақты М. Тевкелев пен XVIII ғасырда Қазақстанды отарлау саясатын жүргізген Орынбор губернаторы И. Неплюев те хандардың сайлануы туралы, жалпы қазақ даласындағы еркіндікті, қоғамның ашықтығын жазған болатын.

Түркілерде (қазақтарда) хан сайлау дәстүрі өзінің түп-тамырымен сонау ғұн дәуіріне кетеді. Мысалы, Ғұн мемлекетінің басқарушысы «Тәңір-құт» деген лауазымды да иеленген. Бұл оның мемлекеттік билікті атқарумен қатар, дінбасы да болғандығын білдірсе керек. Билікке ие болу көбінесе мұралық жолмен жүзеге асырылды, бірақ егер билік мұрагері таққа лайық болмаса (қабілеті жетпесе, денсаулығы жарамаса және т.б.) оның мұра қалдырушының туыстарының ішінен лайықтысын халық (немесе билік басындағылар, бірақ бұл жағдай өте сирек кездесетін) сайлайтын. Бұл жөнінде VIII ғасырдан жеткен Күлтегін ескерткішінде Түрік халқының өткендегі ұлы қағандарын мадақтай келе: «Одан соң інілері қаған болды, ұлдары да қаған болды, бірақ інілері ағасындай бола алмады, ұлдары әкесіндей бола алмады», - делінген [4].

Түрік Қағанатында реттік тәртіп аттамалы жолмен, дәлірек айтсақ, іріктеу арқылы жүзеге асады, жасы кіші інінің келесісі емес, үлкен-кішісіне қарамай ең беделді, айбарлысы хан көтеріледі. Бұл салт Қазақ хандығы кезінде өз жалғасын тапты, болашақ хан тек сайлау арқылы ғана таққа жететін болды. Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттай болса да атсалысуға ұлыстағы кәрі-жастың бәрінің де хақысы бар. Әрбір адам кеңесші дауысты иеленген. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал етуге таласқан. Яғни қазақ Ордасындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған. Ал хан сайлау барша жұртқа ортақ іс. Басқа елдерде жоқ, тек қазаққа ғана тән рәсімдердің бірі - жаңа хан сайланғаннан соң, әр тайпадан, әр рудан келген адамдар ханның өрістегі малын түк қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім «Хан сарқыты» деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, Ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауға тиіс, деген сөз. Бірақ айта кететін жай, үш-төрт күнде бұл мал көбейіп, кері қайтады; бірақ бұл-ханның емес, қазынаның малы. Сонымен бірге «Хан сарқытынан» бөлек, «Хан талау» деген салт та бар. Бұл - ел сенімін ақтамаған, өзінің нашарлығын танытқан басқарушының мал-мүлкін түк қалдырмай бөліп алу. Бұл барымта емес, халық шешімі бойынша жүзеге асатын жаза. «Хан талау» - жанға емес, малға ғана қатысты рәсім екендігін естен шығармау қажет. Жан - сауға, бірақ әмірші мал-мүлкімен бірге, бар билігінен, абыройынан айырылады. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» деген сірә осы болар.

Қазақ сахарасында билер институты да елеулі роль атқарған. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов «Сот реформасы жөнінде хатында»: “Возведение в звание бия не обуславливалось у киргиз (казахов) каким-либо формальным выбором со стороны правящей народом власти; только глубокие познания в судебных обычаях, соединенные ораторским искусством, давали киргизам это почетное звание... Значение бия основано на авторитете, и звание это есть как бы патент на судебную практику», - деп жазған еді [5]. Демек бидің билігі мемлекеттік күштеуге емес, беделге негізделген. Себебі қашан да көшпелі қазақ қоғамында билік - байлық сияқты өткінші дүние, мәңгілік емес деген пікір үстемдік

еткен. Қазақтар ең алдымен бірін-бірі қадірлеген, бір-бірінің қадір-қасиетін, материалды дүниеден жоғары қойған.

Қазақ қоғамындағы билер - көбінесе соттық функцияны атқарған, яғни мал-мүлік дауын, жер дауын, жесір дауын, ар дауын, жан дауын шешуге, билік айтуға тырысқан. Бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын. Қазақтар «Хан - қазық, би – тоқпақ» деп ханды халықтың тірегі көргенімен, егер хан әділетсіздік көрсетсе, халық қарамағынан көшіп кететін немесе «Хан талауға» ұшырататын. Кейде би ханға тоқтау айтатын, яғни оған “тоқпақ” болатын. Қазақ тарихында бұған да жетерліктей мысал көп: «...Төре тұқымы Дәулетқали төңірегіне үстемдік жасап, жайылым қорып, елдің түйесін иен далаға жайғызбай қойған соң Асау бидің баласы Тұрлан келіп:

-Жұрттың түйесін неге қайырасың? – дейді.

-Түйенді қайырмай, қазақ, сенің мұнда төреге бақтырып қойған жерің бар ма еді? - дейді Дәулетқали.

-Атаңа нәлет ақсүйек! Төренікі деген елді қайдан көрдің?!» - деп камшының астына алады Тұрлан. Дәулетқали Орынбордағы «Ханға» арыз береді [6]. «Хан» төре тұқымына «тіл тигізгені үшін Тұрланды жазалаймын» деп Асау бидің ауылына келіп, «айыпкерді» шақыртады.

Халыққа арқа сүйеген Тұрлан «ханнан» қаймықпайды:

-Өлен соқыр, мені неге шақырдың? – дейді. «Хан қаһарланып, қылышын қынабынан суырып алып төрт сардар биіне:

- Мынаның төресін беріңдер, басын аламын! - дейді. Сонда Айтуар шешен:

- Ал тақсыр! Бұрынғыдан қалған сөз қайда? Қазаққа хан ие, қара жерге халық ие демеуші ме еді? Хандығыңды бер де, жерді ал, хан болып тұрғанда жерде нең бар? - депті. Сонда халық қаһарынан қаймыққан «хан»:

- Төрелігіңе құлдық! - деп орнына отырып, төре-төленгіттеріне хандықты қара жерге айырбастағыларың келген екен, жоғалыңдар көзіме көрінбей», - деп ақырған болыпты [6]. Сонымен бірге бұл жерде қазақ халқының әділ айтылған сөзді қадірлеп, түсініп, сөзге тоқтай білген халық екендігі көрінеді.

Би қашан да хан мен халыққа қатар қызмет еткен. Шыңғыс ханның жанында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» аталған Майқы би, Әз-Жәнібек ханның қасында Асан қайғы би, Әз-Тәукенің жанында Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абылай ханның жанында Бұқар сияқты кемеңгерлердің болуы осыған дәлел. Халық хан мен бидің мемлекеттің өміріндегі орнының маңызын ерекше бағалаған. Бұл келесідей нақыл сөздерден көрініс тапқан. «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары-білімі бар», «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды», «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ ханның ауылын жау араламайды».

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың өзіндік институты ретіндегі билер сотының демократиялығын Ш. Уәлиханов жақсы сипаттаған [7].

Біріншіден, дауласушылар бидің әділетсіздігін сезсе, дауды шешу үшін кез келген басқа биді таңдап алуға құқылы болды.

Екіншіден, дауласушы жақтардың әрқайсысы әділетсіз деп тапқан шешімді басқа бидің алдына қоюға, яғни шағымдануға құқылы.

Үшіншіден, айыпталушыға қарсы айғақтар аз болған жағдайда, би кез келген ақыл-парасаты жоғары туысынан айыптау немесе ақтау жөнінде ант алуға құқылы болған.

Төртіншіден, билер соты ауызша, ашық жария түрде жүргізілді, және әрбір адам өзін қорғай алды.

Бесіншіден, билер сотын халықтың сыйлағандығы сонша, оған ешқандай тәртіптік шараларды қолдануды қажет еткен жоқ. Басқаша айтқанда, құқықтық дәстүрдің реттеушілік ролінің жоғары болғандығы сонша, ондағы соттық шешімдерді іске асыру ешқандай мемлекеттік араласуды қажет еткен жоқ.

Айтылған мәселелердің барлығы дәстүрлі қазақ қоғамындағы бүкіл саяси жүйенің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Көшпелі қазақ қоғамында орта ғасырлардың өзінде өзіндік ерекшеліктері бар биліктің бөліну жүйесі қалыптасқан. Хан билігі институты өзіндік монархиялылығын сақтай отырып, ханды сайлауға жол берілген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің тағы бір ерекшелігі – биліктік өкілеттіктерді иеленушілер тек сайланып және тағайындалып қана қойған жоқ, сонымен қатар халық оларды мойындауы қажет болды, яғни басқарушы биліктік өкілеттіктерге халық алдында лайық болуы тиіс еді. Халықтың келісімімен ханды ақ кигізге отырғызып көтеру рәсімі, немесе билерге соттық-әкімшілік, әскери-саяси және дипломатиялық қызметті атқаруды міндеттеу-биліктік өкілеттіктерді иеленуге үміткер адамның саяси еркін мойындау актісі ретіндегі биліктің заңдастырылуының болғандығын білдіреді. Қазақ қоғамындағы биліктік өкілеттіктердің бөлінуі қазіргі күнгі тежемелер мен тепе-теңдіктер жүйесі сияқты болуынан да оның ерекшелігі көрінеді. Өйткені хандар ақырғы шешімді қабылдауға тек заң жүзінде ғана

құқылы болды, ал іс жүзінде олар қарапайым халықтың мүддесін өздері тандап мойындаған, сол ортадан (халықтан) шыққан билер тарапынан қолдау табатын Хан кеңесінде белгілі бір мемлекеттік мәселелерді қарастыру барысында көпшіліктің пікірімен санасуға мәжбүр болған.

Сонымен қатар қазақ даласындағы дәстүр мен құқықтық мәдениеттің күші тағы бір тарихи жағдайдан айқын көрініс тапқаны белгілі: Әбілхайыр ханды өлтірген Барақ сұлтан өзін соттайтын төрт биді бүкіл қазақ билерінің арасынан өзі тандап алған болатын [3]. Мұнда құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаларының бірі іске асырылған: барлығы заң алдында тең, құқық аясынан ешкім тыс қалмайды.

1. Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі мемлекеттік билік // Заң газеті. - 19 қаңтар. - 2000. - 4 б.
2. Бектаев Қ., Қалдыбаев М. Ұлы бабаларды ұрпақ ұмытпайды. Шымкент, 1993. - 49 б.
3. Мағауин М. Қазақ тарихының әліпсесі. - Алматы: Ер-Даулет, 1994. - 238 б.
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 232 б.
5. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. - Алматы. - 1958. - 247 с.
6. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы. - 1996. - 267 б.
7. Валиханов Ч.Ч. Суд биев в древней народной форме / Избранные произведения. - Алматы. - 1958. - 257 с.

In this article devoted to position and role of human's power of traditional Kazakh society, also a peculiarities them.

В данной статье рассматривается значение и роль народной власти традиционного казахского общества, а также его особенности.

М.Е. Сагинаев

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СТАНОВЛЕНИЯ И ЭВОЛЮЦИИ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРАВА И ЕГО ПРИНЦИПОВ

Для первых государственных образований, возникших на рубеже IV-III тысячелетий до н.э. на Древнем Востоке политический институт выборов и принципы, как-либо связанные с избиранием, не были характерны. Очевидной причиной этого является специфическая форма политико-правового режима, характерная для древневосточных государств - восточная деспотия. З.М. Черниловский, в числе прочих, указывает на определяющие признаки деспотического правления, наличие которых делало невозможными какие-либо выборные процедуры и формирование даже псевдodemократических институтов: абсолютизацию и сакрализацию деспотической власти, а также подавление индивидуальных прав государственным аппаратом. [1]

1. Абсолютизация власти и титула деспота, т.е. полная фактическая концентрация военно-административной, религиозной и судебной власти в руках древневосточного правителя исключала выборность и определяла назначаемость как исключительный способ формирования органов власти и управления;

2. Сакрализация титула деспота и, как следствие, возникновение его божественного культа в сочетании с абсолютно-монархическим правлением определяли наследственную передачу власти внутри правящей династической линии как единственно возможный способ формирования верховной власти.

3. Полное подавление прав и интересов личности аппаратом деспотии характеризовало данный режим как абсолютно антидемократический, не приемлющий каких-либо проявлений социальной воли и индивидуальной инициативы.

Формирование и развитие властных отношений на другом полюсе Древнего мира – в государствах греко-римской античной цивилизации - концептуально отличались от древневосточных. Республиканское правление, в разные периоды истории характерное для многих греческих полисов и Рима, а также элементы демократического режима наложили свой отпечаток на своеобразие политических и правовых отношений здесь. В первую очередь, это касается выборности как эффективной формы политического строительства и наличия, избирательных прав у определенного круга лиц. Именно в античных странах нами наблюдается впервые реальное политическое действие избирательных прав и их принципов. Проецируя современное состояние избирательного права и избирательного права античного мира друг на друга, можно обратить внимание как на их естественные отличия, объясняемые закономерными условиями развития государства и общества разных эпох, так и на интересные исторические аналогии.

Достижением греческой политической мысли и полисного мировоззрения была выработка в V-IV вв. до н.э. понятия «гражданин» как обозначения личности, наделенным определенным кругом прав, как основы его жизнедеятельности. Исходя из этого, определялся и политический статус человека.